

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ
ҒАЛЫМ ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВТЫ ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ АНТРОПОЛОГ ҒАЛЫМ
АЙНАГҰЛ СМАҒҰЛОВАНЫ МАРАПАТТАУ БОЙЫНША САЛТАНАТТЫ ШАРА**

Түйіндемесі. ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 2021 жылы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қазақстандық антропологиялық зерттеулердің негізін салушы ғалым Оразак Смағұловты және белгілі антрополог ғалым Айнагүл Смағұлованы салтанатты түрде марапаттау шарасын өткізді.

Іс-шарада ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Оразак Смағұлов пен көрнекті антрополог ғалым Айнагүл Смағұлова Үкіметаралық экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЭБІҰ, ағылш. ECO) және Халықаралық Түркі академиясының мерейтойлық медальдарымен марапатталды, сондай-ақ, қазақ халқының антропологиялық этногенезі мәселелерін зерттеуге қосқан үлестері жайында пікір алмасу болды.

Академик О. Смағұлов краниологиялық зерттеулер сериясы, генетикалық маркерлер, соматологиялық, одонтологиялық, дерматоглифтік белгілер негізінде антропологиялық құрамы қола дәуірі тайпаларының 30% морфологиялық мұрасын сақтаған, осы аумақтың автохтондары болып табылатын қазақ халқы этногенезінің бес мың жыл бойғы тарихи үдерісінің тұтастығын дәлелдеді.

Сондай-ақ, іс-шарада Халықаралық Түркі академиясының демеушілігімен үш тілде жарық көрген О. Смағұлов пен А. Смағұлованың «Қазақ халқы мен оның ата-бабаларының антропологиясы бойынша очерктер (цифрларда, иллюстрацияларда және тұлғаларда) (Нұр-сұлтан, 2021) атты жаңа кітабының тұсаукесері жасалды.

**THE SOLEMN CEREMONY OF AWARDING AWARDS TO THE FOUNDER OF
ANTHROPOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN ORAZAK ISMAGULOV
AND PROMINENT ANTHROPOLOGIST AINAGUL ISMAGULOVA**

Abstract. December 22, 2021 The Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan jointly with the Presidium of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan held a solemn event to present awards to the founder of anthropological research in Kazakhstan Orazak Ismagulov and prominent anthropologist Ainagul Ismagulova, dedicated to the 30th anniversary of Independence of Kazakhstan.

At the solemn event, Orazak Ismagulov, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of Sciences, laureate of the Ch. Valikhanov Prize, Honored Worker of Science and Technology of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor, and prominent anthropologist Ainagul Orazakovna Ismagulova was awarded jubilee medals of the Intergovernmental Organization for Economic Cooperation (ECO, English ECO) and the International Turkic Academy, and also discussed their contribution to the study of anthropological aspects of the genesis of the Kazakh ethnos.

Based on the studied craniological series, genetic markers, somatological, odontological, dermatoglyphic signs, the academician proved the integrity of the historical process of ethnogenesis of the Kazakhs for five millennia, who are autochthons of this region, preserving 30% of the anthropological composition of the Bronze Age tribes as a morphological heritage.

A new book was presented at the event – Ismagulov O., Ismagulova A. “Essays on the anthropology of the Kazakh people and their ancestors (in figures, illustrations and faces) (Nur-Sultan, 2021), published in three languages with the sponsorship of the International Turkic Academy.

**ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ**

22 декабря 2021 г. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК провел совместно с Президиумом Национальной академии наук РК торжественное мероприятие по вручению наград – основоположнику антропологических исследований в Казахстане Оразаку Исмагулову и видному антропологу Айнагуль Исмагуловой, приуроченное к 30-летию Независимости Казахстана.

Цель мероприятия – награждение юбилейными медалями межправительственной Организации экономического сотрудничества (ОЭС, англ. ECO) и Международной тюркской академии Оразака Исмагулова – академика НАН РК, член-корреспондента Болонской академии наук, лауреата премии им. Ч. Валиханова, заслуженного деятеля науки и техники РК, доктора исторических наук,

профессора, и видного антрополога Айнауль Оразаковны Исмагуловой, а также обсуждение их вклада в изучение антропологических аспектов генезиса казахского этноса.

Как известно, исследования академика О. Исмагулова в области этнической краниологии, серологии, палеоантропологии, соматологии, одонтологии, дерматоглифики обобщенные в его многочисленных трудах, монографиях, статьях, востребованы научной и культурной общественностью. На основе изученных краниологических серий, генетических маркеров, соматологических, одонтологических, дерматоглифических признаков он доказал целостность исторического процесса этногенеза казахов на протяжении пяти тысячелетий, которые являются автохтонами данного региона, сохранив на 30% в антропологическом составе племен бронзового века в качестве морфологического наследия. Результаты многолетних комплексных исследований по физической антропологии казахского народа и его предков были представлены в 10 монографических трудах и более 400 научных статьях и докладах на отечественных и международных научных форумах.

О. Исмагулов долгие годы работал в академическом Институте истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, на базе которого создал первую в Казахстане лабораторию этнической антропологии. На сегодня подобные лаборатории функционируют в Национальном музее Республики Казахстан (г. Нур-Султан) и Южно-Казахстанском государственном университете им. М. Ауэзова (г. Шымкент), где он продолжает свою научно-исследовательскую деятельность. Более 30 лет вместе со своим отцом, который стал ее научным наставником, трудилась Айнауль Исмагулова, осуществлявшая под его научным руководством исследования в области физической антропологии.

В форуме приняли участие, как в офлайн, так и онлайн режиме, около 40 ученых – этнологов, историков, археологов и др. из разных регионов Казахстана. Модератор конференции – Мурат Журинович Журинов, Президент, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор химических наук, профессор, открыл мероприятие поздравлением от имени Президиума НАН РК. Затем предоставил слово директору Института, доктору исторических наук, профессору, член-корреспонденту Национальной академии наук (далее – НАН) РК Зиябеку Ермухановичу Кабульдинову, который остановился на биографии заслуженного академика и его вкладе в развитие антропологической науки в мире, а также поздравил от имени коллектива Института ученых с высокими наградами. Далее Аскар Женисович Шоқыбаев, руководитель представительства Министерства иностранных дел в г. Алматы в торжественной обстановке вручил академику О. Исмагулову юбилейную медаль межправительственной Организации экономического сотрудничества (ОЭС, англ. ECO). В свою очередь Физули Маджидли, вице-президент Международной Тюркской академии, доктор политических наук, поздравил и наградил от имени Международной тюркской академии серебряной медалью видного антрополога Айнауль Оразаковну Исмагулову.

На мероприятии с поздравлениями и докладами выступили академик Национальной Академии Наук РК, доктор исторических наук, профессор М.К. Койгельдиев, декан исторического факультета КаНУ им. аль-Фараби М.С. Ногайбаева, видные ученые А.Т. Толеубаев, С.Е. Ажигали, А.У. Токтабай, Мухтар Кожа, К.К. Закирьянов и др.

По завершении мероприятия академик О. Исмагулов и его дочь Айнауль поблагодарили указанные организации за награды, Президиум НАН РК и Институт за их чествование, презентовав свою новую книгу – Исмагулов О., Исмагулова А. «Очерки по антропологии казахского народа и его предков (в цифрах, иллюстрациях и в лицах)» (Нур-Султан, 2021), изданную на трех языках при спонсорской поддержке Международной тюркской академии.



Рисунок 1 – А.Ж. Шоқыбаев, руководитель представительства Министерства иностранных дел в г. Алматы, в торжественной обстановке вручает академику О. Исмагулову юбилейную медаль межправительственной Организации экономического сотрудничества (ОЭС, англ. ECO). Г. Алматы, 22 декабря 2021 г.

АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ

Әлімғазы Дәулетхан^{1*}¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

*Автор-корреспондент

E-mail: dauletkhanov84@mail.ru

Түйіндеме. Бұл мақала қазақтың әйгілі антрополог ғалымы, Қазақстан жерінде ғана емес, бүкіл әлемге аты мәшһүр болған кәсіби тарихшы Оразақ Смағұловқа арналған. Оқырман назарына ұлттық тарих ғылымындағы қазақ халқының расогенезі мен этногенезіне байланысты, Қазақстанның этномәдени тарихы контекстінде қазақ халқының шығу тегінің негізгі кезеңдерін айтарлықтай межелей алатын көптеген объективті және сенімді антропологиялық деректермен негізделген мүлде жаңа және бірегей ғылыми жұмыс ұсынылып отыр.

Кілт сөздер: Оразақ Смағұлов, этногенез, этномәдениет, антропология, тарих ғылымы, қазақ халқы.

МРНТИ 03.20

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ АКАДЕМИКА ОРАЗАКА СМАГУЛОВА

Алимғазы Даулетхан^{1*}¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

*Автор-корреспондент

E-mail: dauletkhanov84@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена известному казахскому ученому-антропологу, профессиональному историку Оразаку Смагулову, чье имя широко известно не только на территории Казахстана, но и во всем мире. Вниманию читателя предлагается совершенно новая и уникальная научная работа, основанная на многочисленных объективных и достоверных антропологических данных, связанных с расогенезом и этногенезом казахского народа в национальной исторической науке, способных существенно разграничить основные этапы происхождения казахского народа в контексте этнокультурной истории Казахстана.

Ключевые слова: Оразақ Смағұлов, этногенез, этнокультура, антропология, историческая наука, казахский народ.

IRSTI 03.20

THE SCIENTIFIC LEGACY OF ACADEMICIAN ORAZAK SMAGULOV

Alimgazy Dauletkhan^{1*}¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

*Corresponding author

E-mail: dauletkhanov84@mail.ru

Abstract. This article is dedicated to the famous Kazakh anthropologist and professional historian Orazak Smagulov, whose name is widely known not only in Kazakhstan territory, but also throughout the world. The reader is offered a completely new and unique scientific work based on numerous objective and reliable anthropological data related to the racegenesis and ethnogenesis of the Kazakh people in national historical science, which can significantly differentiate the main stages of the origin of the Kazakh nation in the context of the ethnocultural history of Kazakhstan.

Key words: Orazak Smagulov, ethnogenesis, ethnoculture, antropology, historical science, Kazakh nation.

Сөзді бірден Оразақ Смағұлов тағылымынан бастауыма әйгілі философ Николай Бердяевтің «адам-адамзат әлеміне ұлт адамдары ретінде енеді. Ұлт адамы – ұлттық қаны бар, дербес ұлттық болмысы бар адам. Мәдениет ешуақытта жалпылама адамзаттық болған емес. Ол барлық кезеңдерде нақты адамдық, яғни нақты ұлттық болған» деген тағылымдық түйіндері себепші болды (Бердяев). Болашақ тарихшы – қазақтың тұңғыш антрополог академигі Орекең осынау ұлтын сүйген ұлылар тағылымын бойына сіңіріп өскендіктен ұзақ жылдық ғылыми ізденістеріне сүйене отырып ХХ ғасырда қазақстандық

тарихшылардың қазақ халқының шығу тегі туралы жазғандарының ешбір дәлел-дәйексіз ауызша айтылған жазбаларға сүйеніп жазылғандықтан аса залалды ғылыми қателіктерге ұрынғанын алғашқылардың бірі болып білген еді. Солай бола тұра, қазақтың ресми тарих ғылымында сол бір өрескел қателіктерді объективті түрде сын тезіне алған ешбір ғылыми жұмыстың болмағанына өкіне отырып, оның себептеріне үңіліп былай дейді: «...Тіпті, ол ұлттық тарихтың жағымды жетістіктері ретінде көрсетілді. Мұның барлығы – Қазақстанда қазақ халқының көне тарихы бойынша білімі бар тарихшылардың болмауының салдары еді, ал «маман» деп аталатындар Кеңес ұйытқысының идеологиялық «ашытқыларында» өскен еді. Сондықтан олар тек құрғақ сөзді ғана малданып, қазақ халқының этногенезы мен этникалық тарихы проблемаларын шын мәнінде шеше алған жоқ» (Смағұлов, Смағұлова, 2020: 384-385). Қанша ауыр болса да Академиктің бұл сөзінде, ащы шындық бар екеніне кәміл сенемін.

Академик Оразақ Смағұлов менің ғылыми жетекші-ұстазым болатын. Ғылыми зерттеу жұмысым «Түркеш қағанаты» (692-766) деп аталатын. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми кеңесі бекіткен осы тақырып бойынша ғылыми жетекші табудың әлегі, мені талай есікті қақтырып, талай атағы дардай академик-профессорлардан меселім қайтқаны әлі есімде. Алматы мен Астанадағы оқу орындары мен ғылыми зерттеу орталықтарынан Х ғасырдың арғы жағындағы Қазақстан – Орталық Азия тарихы бойынша бір де бір маман табылмады. Ең соңында Орта ғасыр тарихының маманы Зуев... ақсақалдың қала шетіндегі дачасына барып ақыл-кеңес сұрауға тура келді. Қариям әбден қартайып, азып-тозған-ақ екен. Мандымды ештеңе айта алмады. Оның үстіне менің кандидаттық жұмысым қазақ тілінде жазылып жатқан. Сонымен, сол тұста институтымыздың «Ерте Орта ғасыр бөлімінде бірге істейтін, Қазақстандағы ғылыми ортаға жаңа таныс бола бастаған профессор Зардыхан Қинаятұлымен ақылдаса келе, ол тұста Академияның мүше корреспонденті Оразақ ағаның кабинетіне өтінішпен бардық. Мән-жайды түсінген ағамыз көп ойланбай-ақ бірден келісімін берді. Бірақ талап бойынша ол кісінің ғылыми шифр номері менің тақырыбыма сай келмейтінін ескертіп, Институт директоры – академик Манаш Қозыбаевтың келісімін алып ВАК-тың төрағасы атына арнайы өтініш-хат жолдау керек екен. Өтініш орындалып, профессор Оразақ Смағұлов менің ғылыми жетекшім болып ресми бекітілді.

Сол уақыттан бастап Орекеңмен жиі кездесіп, ақыл кеңесін алып қана қоймай, ол кісінің өмірге, ғылымға, қазақ тарихының өзін толғандыратын түйткілді тұстарына арналған ғибратты әңгімелерін тыңдап, ұстазыма деген құрметім арта түсті. Орекең әр сөзінің аяғын – ғылымға келген екенсің, оның жауапкершілігін, тазалығын әсіресе мынау бұрмаланып, әбден былыққан еуроцентристік – ұлы орыстық астамшылықты басшылыққа алып жазылған халқымыздың идеологияланған жасанды тарихын малданып Көк түріктер мен Түркеш қағанаты тарихын жазсаң мен сенің жұмысыңа жетекші болудан бәрібір бас тартамын, сол есінде болсын деп даусын қатайта, қабағын түйе қараған сәті күні бүгінге дейін көз алдымда. Мен сондықтан да «Түркеш қағанаты» тарихын зерттеу жұмысымда орыс-қытай, еуропа ғалымдарының асқақ атақ-дәрежелеріне қарамай барынша сыншылдықпен, объективті баға беруге батыл кірісе алдым.

«Ежелгі және Орта ғасырдағы түркілер: Тарихи зерттеулер» атты монографиям кітап болып шыққанда балаша қуанып: Жарайсың бауырым, үмітімді асыра ақтадың» деп құттықтады, әрі «Президент және халық» газетінде жарияланған мақаласында: «Ағынан жарыла айтар болсақ, қазақ тарихшылары күні бүгінге дейін Қазақ елінің егемендегіне лайықты Отан тарихын жазып бере алған жоқ. ...Енді міне, Отан тарихын жазудың жаңа кезеңі басталды», (Президент және халық, 2013) – деп сүйіншіледі.

Мен бұл сөздерді мақтан үшін емес, әлем мойындаған Академиктің ақ батасы, ұстаздың шәкіртіне деген ыстық лебізі деп қабылдай отырып, алдағы ізденістеріме қойылған салмақты талап деп білдім.

Зымыран уақыт зырлап Орекеңді тоқсанның төріне әкеліп отырғызып қойыпты. Туған халқы ғана емес күллі әлемдік деңгейде торқалы тоқсанды тойлап, ұлы тұлғаның ұлағатты өмір жолын, ғылымдағы тар жол тайғақ кешулі азапты өмір кешулерін, жеткен жетістіктерін мақтаныш етіп жатыр. Сол қатарда академик ұстазымның отандық антропология ғылымына қосқан үлестерінің кейбіріне тоқталғанды жөн көрдім. «Происхождение казахского народа. По данным физической антропологии (Алматы, 2017) атты кітабының қалай дүниеге келгені туралы арнайы тоқталған профессор Ахмет Токтабай «60 жылдан астам уақытқа созылған антропологиялық ізденістер қазақтың ата-тек тарихын зерттеп-зерделеуге арналғанын, Орекең экспедициясы осы уақыттар ішінде Қазақстанның Шығыс-батыс, Оңтүстік-солтүстік, орталық аймақтарын шарлап, ара қашықтығы ұзынынан 3000-2000 км көлденеңінен 1000 км аралықта жатқанына қарамай оларда антропологиялық айырмашылықтар өте аз екенін дәлелдеп шыққан (Токтабай, 2020) деп жазады.

Нақтылап айтқанда, IX-X ғасырларда қазақтың бүгінгі кескін-келбеті қалыптасып, моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде 70% монголид элементтері, 30% еуропалық расалардың элементтері бар қазіргі қазақтардың бет-бейнесі айқындалған. Сонымен кешенді зерттелген антропологиялық ізденістердің нәтижелері бүгінгі қазақтардың көне тұрғындарымен генетикалық байланыстарының үзілмей сақталып келгенін дәлелдеп бергеніне көзіміз жетіп отыр. Біз солай дегенімізбен күні кешеге дейінгі кеңестік және еуропацентрист-шовинистерінің тәрбиесін алған қазақ антропологтары мен археолог тарихшылары ескі сүрлеуден шыға алмай, жас ұрпақтың рухани жаңғыруына кері әсер етіп келе жатқанына Академик Оразақ Смағұлов қатты ашынады.

Академик ұстаз осынау келеңсіздіктің тарихи себептеріне талдау жасап былай дейді: «Басты проблема Қазақстанның соңғы үш жүз жыл көлемінде Ресейдің, ал одан кейін кеңестік империяның отаршылық аумағында болғандығынан көрінеді. Сол үшін – қазақ халқының объективті тарихы мен этномәдени дәстүрі империялық идеяның, саяси цензураның қатаң қысымында болды» (Исмагулов, Исмагулова, 2017: 8) Осындай тарихи, саяси басым жағдайында қалыптасқан үш ғасырлық қазақ халқы тарихын жазудың тарихнамасына шолу жасай келе, антрополог Академик тәуелсіз Қазақстан жағдайында жазылып жатқан ғылыми зерттеулерге көңілі толмайтынын ашық әрі ашына жазады.

Оның нақты көрінісі ретінде бүгінге дейін қолданыста жүрген «Кочевник» және «Номад» терминдерінен туындайтын ғылыми һәм саяси адасушылықтарға ұрындыратыны жөнінде Академик былай дейді: «...Бұл терминнің мән-мағыналарын олар шын мәнінде ұғынбайды, бірақ ол қазақ өркениетінің «шыңы» ретінде көрсетіледі, нақты алғанда бұл терминді Қазақстан тарихына қатысты қолдану қазақ халқының объективті тарихын жасырын түрде қорлау болып отыр. Өкінішке орай, бүгінгі күні «номад» - «көшпенді» - «қазақ» сөздері синоним болып кетті, адамдардың көпшілігі біздің елімізде болсын, шетелдерде болсын оны солай қабылдайды, тіпті бұрынғы және қазіргі заманауи жағдайларда қазақ халқының этно мәдени дамуының «Ресми карточкасына» айналды» (Исмагулов, Исмагулова, 2017:37).

Академик бұдан әрі қарай «Номадтың» грек сөзі екенін, оның мағынасы, тұрақты мекені жоқ үйсіз-күйсіз, баққан малына ілесіп қаңғырып жүретін адамдар дегенді білдіретінін В.Дальдің сөздігінде де сол мағынада анықтама бергендігін, бүгінгі ғылымда одан басқа мән-мағына бермегенін атап көрсетеді. Ал, Номад деп бүгінгі таңда антропология ғылымы бәдәуилерді, хатба мен туаречилерді, масал мен австриялық тайпаларды ғана жатқызады. Олай болғанда, аталған номад делінген тайпалардың қайсысын бүгінгі қазақтар ғана емес, олардың арғы ата-бабаларына ұқсата аласындар деп академик ақсақал зілді сұрақ тастауға мәжбүр болады. Осыларды айта келе: «Қазақстанның қоғамтанушы мырзаларын ұйқыдан оятып, «номад» терминін қазақтарға қатысты қолдануды тоқтатындар, бұл ғылыми көзқарас тұрғысынан қате болуымен қатар, мына өркениетті әлемнің алдында туған халқын қорлау болып табылады» (Исмагулов, Исмагулова, 2017:38), - деп қатаң ескерту жасайды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихшыларын осындай қателіктерге ұрындырып отырған басты кінәрат ретінде: «...Көне қазақ жерін мекендеген халықтың сан-салалы өмірін этномәдени тарихын объективті түрде жазудан барынша қашқақтайды» (Исмагулов, Исмагулова, 2017:39), - дей отырып еліміздегі көптеген қоғамтанушылардың этнотерминдерді, әсіресе, қазақ халқының этникалық тарихына қатысты терминдердің түпкі мағынасына бойлап, жүйелі ғылыми талдауларға бармай жатып өздерінше білгішсінеді. Академик Орекең оған мысал ретінде «таксономия» грек сөзі екенін, оның «...Биология саласындағы арнайы термин екенін, ол гуманитарлық саладағы зерттеулерде қолдануға жаппайды, бұл жерде сөз биологиялық жүйелеу туралы емес, ал түрлі тарихи кезеңдерді дәуірлеу туралы» (Даль, 2006:176), - екенін қолданылатынын айтады.

Академик Смағұловты алаңдататын тақырыптың тағы бірі – ғалымдар жиі қолданатын «глоттогенез» - (яғни тілдердің шығу тегі туралы) терминін ежелгі қазақ тарихы мен лингвистикасына қолданудың ешқандай ғылыми мән-мағынасы жоқ екені.

Алфавиттік жазу тарихына шолу жасаған Орекең ежелгі шумер, орхон-енесай мөрлі жазуларын тапқырлаған түпкі түркі ата-бабаларымыздың ұрпағы болған қазақ халқының да тектілік негізі екеніне көптеген дәлелдер келтіреді. Сондықтан, бүгінгі қазақ тілінің арғы түрік тілдері тобына жататындығы ендігі жерде басы ашық ақиқатқа айналып отыр. Осыларды қорытып, тиянақтай келе антрополог-академик күллі ғылым иелеріне былай деп үн қатады: «...Адам әрқашан тіл мен діннің ұстанушысы болған. Біздің жағдайымызда көне кезеңдерден бері Қазақстанды мекендеушілер жергілікті популяция негізінде серпінді дамып отырды, өйткені бұл аумақта төрт мыңжылдан астам уақыт аралығында халықтың шекаралас мекендерден тайпалардың көптеп келуі мен жергілікті тайпалардың өздерінің мекенінен тыс жаппай ауысуы байқалмайды» (Исмагулов, Исмагулова, 2017) Академиктің осынау ұлағатты пайымын одан әрі өрбіте, өрістетер болсақ – түрік мәдениет тарихшысы Зия Гөк алыптың: «Кейбір ұлттардың заманауи мәдениетке қол жеткізу үшін, өткенінен алыстауы қажет болатын шығар. Ал, түріктердің керісінше өздерінің өткен тарихына, ежелгі мәдениетіне қайрылып, назар аударуы жеткілікті» (Зия Гөк-алып, 1991), - деген уәжіне жүгінуіміз. Жөн болар еді. Біз сонда ғана «Еуропацентристік – шовинистік пайымдарға шоқынған «намадизм мен көшпенділікті» дәріптейтін тарихшысымақтардың мәңгүрттенген ойжоталарына тойтарыс беріп антрополог О. Смағұловтың «Қазақ халқын және оның ата-бабаларын кешенді физикалық антропология салалары бойынша зерттеулер барысында бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің жері қазақ зузатының әуелден өз атажұрты, тұрғылықты отаны екендігі және осы аумақта 4-5 мың жыл бойы ұрпақтар сабақтастығы үзіліссіз болғаны толық дәлелденді... Генетикалық тұрғыдан жалпы сараптар болсақ, байырғы қазақ атамекеніндегі популяциялық даму тарихы мен оның мәдениетінің өрбіп-өсуі жолдарының бірегей сабақтастығын, ғажайып биоәлеуметтік құбылыс ретінде де пайымдар едік» (Смағұлов, 2011), - дегеніне көз жетеді.

Өз халқына «номад, кочевник» қара таңбасын басқысы келген Масановшылардың сонау неолит, энеолит (ж.с.д. 7-5 мың жыл) қола (ж.с.д. 4-3 мың жыл) дәуіріндегі байырғы қазақтардың өз жеріндегі бай табиғи металл кендерін игеріп, қажетті құрал-сайман мен қару-жарақтар жасау технологиясын ойлап тапқанын, кен өнімдерін көрші елдерге де шығарып сатқанын білмеуі мүмкін бе?

Арғы тарихты қазбаламай-ақ XIV ғасырда Түркістандағы әйгілі тайқазанды жеті бірдей элементті қосып жасаған шеберлердің керекті барлық металды әулиелі Түркістан жерінде жасай алғаны мақтанышымыз еді ғой. Ал, Қола дәуірінде игерілген кен орындары мен өзен-көлдерді жағалай қоныстанған ата-бабаларымыздың күмбезді-шатырлы Ботай сияқты қысы-жазы тұруға арнап салынған баспаналарда тұрып мың-мыңдап жылқы өсіріп, еті мен сүтін азық еткені, балықшылықпен де айналысқанын археологтар жетерліктей дәлелдеп берді» (Жауынбаев, 2000; Зайберт, 2014).

«Номадшыл» мәңгірттердің өз халқының тұрмыс-тіршілігі мен этномәдениетінен алыстап кеткені сонша, олар малшаруашылығымен айналысқан қазақтардың қыстау-көктеу, жайлау-күзеулерге байланысты ішкі маусымдық көші-қонын малының соңынан қалмай әлбеті көше беретін «номад-кошевник» формуласына салып өздерінше шалықтайтынын антрополог-академик ғылымға тарихқа жат, қазақ халқына жабылған жала, жағылған күйе ретінде айыптайды.

Антрополог, ғалым қазақ ата-мекенінің көп салалы тарихи тіршілігін хронологиялық ізбен жүйелей отырып шартты түрдегі жеті этномәдени дәуір бойынша жүйелеп береді. Сөйтіп, қазақ популяциясын әлемдік антропологиялық жүйеден орын тапқан және бүгінгі қазақ халқын мыңдаған жылдар бойы тұрақты бүгінгі қазақ халқын мыңдаған жылдар бойы тұрақты елі мен жері бар, тарихи қалыптасқан отаны бар ұлт ретінде әлем алдында ары мен намысын тиісті деңгейде барынша қорғауға міндетті екенімізді қадап айтады. Ал, өткен ғасырдың соңғы ширегінде Есіктегі Сақ қорғанынан археолог ғалым Кемел Ақышев тапқан «Алтын адамнан (ж.с.д. IV ғ. делінген) кейін Қазақстанның төрт тарапынан археолог ғалымдар ашқан «Алтын адамдармен» Ботай қорымынан табылған мыңдаған жылқы сүйектері мен қола, темір, алтын-күміспен әшекейленген әсем бұйымдар, қару-жарақтар, 6000 жылдық тарихы бар кара домбыра, қазақ жерінде игерілген кен орындарындағы кен байыту техникасын меңгерген халықтың ұрпағын жабайы «номадтар, кочевниктер» деп сандырақтаған мәңгірттерді қалай кешіреміз: 60 жылдық саналы ғұмырын сарп етіп зәу-затының этникалық тегі мен этномәдениеті тарихын жазып берген академик Оразақ бұл сандыраққа басқаша қалай жауап беруі керек еді?

Антрополог ғалымды толғандырып, ашындырып жүрген тақырыптың тағы бірі сонау – Қола дәуірінен бергі археологтар ашқан тарихи елдімекендердің этникалық атауларын белден басып орыстық атаулармен атап келе жатқаны, күні бүгінге дейін тарихи зерттеулер мен оқулықтарда аталатын «Афанасьев», «Андронов», «Окунев» және «Денисовқалардың» түркілердің «Алтын бесігі» аталған Алтай өңіріне ешбір қатысы жоқ екенін айтып, жазатын отаншыл тарихшы-антропологтардың атойлап шыға алмай жүргендігі екендігі. Орекеңнің қазіргі, бұрынғы адам сүйегінің морфологиясы туралы ешбір білім-білігі болмаған археолог әріптестерінің әрекеттеріне қарата «Елімізде антропологиялық материалдарға (Абақ-Байтақ және басқа да) деген вандализмге қашан шек қойылар екен» деген сұрағына тиісті мемлекеттік мекемелер мен ғалымдардан жауап күтеді. Әсіресе, соңғы жылдардағы «Алтын адам» іздеу науқанға айналған кездегі қазба жұмыстарына көңілі толмайтыны басқаларды да ойландыра деп қараймыз.

Академик Оразақ Смағұлов не жазса да, не жұмыс істесе де тек өзінің туған халқының-қазағының 40 ғасырлық өмір кешулері мен материалдық хәм рухани этномәдениеті тарихын айқындауға арналған екен. Ал, соңғы 70-80 жылдардағы халқымыздың этномәдени тарихының шектен шыға саясиленіп кеткенін, оның бір көрінісі көп томдық «Қазақ СССР тарихы», «Қазақстан тарихы» деген атауларда жалаулап тұрғаны, ал қазақ халқының тарихы мен этномәдениеті аталмыш атаулардың аясына мүлде сай еместігін ғылыми, тарихи дұрыс атауы – қазақ халқының тарихы» немесе «Отан тарихы» болуы керек деген ұстанымға тоқтайды. Ол үшін бүгінгі қазақ елінде төрт мың жылдық этномәдени тарихы бар тек бір ғана халық бар, ол – қазақ халқы екенін өзіміз танып-білуіміз керек. Сонда ғана қазақтарға байланысты тарихи салаларды шартты түрде болса да жүйелеп, оның материалдық тарихы, мәдени тарихы, ата заң тарихы, діни тарихы, саяси тарихы, философиялық тарихын арнайы зерттеп жазуға жол ашылады. Мұндағы негізгі талап «Қазақстан» деген әкімшілік атаудың орнына «Қазақ халқының тарихы», «Қазақ елінің тарихы» немесе «Отан тарихы» деген атауды қолдануға негізделеді.

Академик Орекең өзінің ғалымдық әрі ақсақалдық тағылымдық байламын «Қазақстан» деген атауға ұлттық ұғымды берудің жөнсіз екенін, мұндайда ұлттық атаудың тиісті тарихи орны барлығы және оны әкімшілік терминмен алмастыруға болмайтындығы әбден белгілі» (Смағұлов, Смағұлова, 2020), - деп түйіндейді. Қазақ тарихшыларымен қоғам қайраткерлері ширек ғасырдан бері талмай талап етіп келген осы тектес ұлттық-мемлекеттік мәні бар үндеулерді ескерусіз қалдыруға болмайды демекшіміз.

Антрополог академиктің ұлт үшін, тәуелсіз мемлекет мүддесі үшін тындырған айтулы еңбегінің бірі – қазақ тарихынан өз орнын ала алмай, сан-саққа жүгірткен қасиетті ханымыз Абылайға қатысты барлық антропологиялық, археологиялық тарихи материалдарды кешенді зерттеу арқылы, Абылай ханның фено-бейнесіне, дене құрылымы мен сүйек өлшемдеріне ғылыми анықтама беруге антрополог Орекең басшылық жасаған ғалымдар орасан зор табысқа қол жеткізді. Соның арқасында тұңғыш рет антропологиялық қайта қалпына келтіру әдісімен ханның бас сүйегі бойынша оның дәліме-дәл бет әлпетінің көрінісі жасалып, халқымыздың ұлы перзенті Абылай хан туған халқымен қайта қауышты.

Осынау кешенді «Тарихи антропологиялық зерттеу» атты ұжымдық еңбек арқылы қазақ елі тарихының жарқын бір беті ашылып, рухани жаңғыруға төте жол салғандай болды (Смағұлұлы, Қожаев, Оразаққызы, 1999).

Академиктің 60 жылдық ғылыми ізденістері арқылы жарық көрген еңбектері әлемнің белгілі ғылым ордаларына, антрополог ғалымдарына кеңінен танылып жоғары бағаланғанын өз еліміздің азаматтары

онша біле де бермейтіні өкінішті-ақ. Осы жағдайды ескеріп мақаламыздың соңына Ресей ғылым академиясының мүше-корреспонденті әлемге танымал этнолог Сергей Арутюновтың «Долгий путь к себе» атты мақаласынан қысқа үзінді бере кетуді пайдалы көрдік:

«Қазақ халқы мен оның арғы ата-бабаларының этникалық тегі мен этномәдени бет-бейнесінің қалыптасу мәселелері оның егеменді даму шарт-жағдайында рухани, адамгершілік және патриоттық тәрбиені тереңдету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарын біртұтас әлеуметтік-мәдени қауымға жұмылдыру үшін аса өзекті болып көрінеді. Осыған байланысты О. Исмағұлов пен А. Исмағұлованың кітаптарының жарық көруі дәл уақытында болды, өйткені әлі де объективті және субъективті бірқатар себептерге орай қазақ халқының этногенез және этникалық тарихы проблемаларын зерттеуге аса көңіл бөліне қойған жоқ. Бүгінгі уақытта қазақ халқының тарихын танудағы осы ақтандақты жоюға ҚР ҰҒА академигі, Болонск Ғылым академиясының (Италия) корреспондент мүшесі, ҚР ғылым мен техника саласының құрметті қайраткері О. Смағұлов пен оның қызметкерінің Қазақстанның физикалық антропологиясы саласындағы жүйелі зерттеулерде алған қомақты нәтижелері елеулі үлес қосуға қабілетті. Олар көп жылғы тоталитарлық режимнің айтарлықтай қиыншылықтарына қарамастан Қазақстанның ежелгі және қазіргі халқының кешенді антропологиялық зерттеулерімен жемісті айналысып келеді».

Әдебиеттер тізімі

- Бердяев Н. Национальность и человечество // Қазақ әдебиеті. 11.03.2005.
 Даль В. Большой иллюстрированный толковый словарь русского языка. М. 2006. 352 с.
 Жауынбаев С. Горное дело и металлургия бронзового века Сарыарка. Караганда, 2000; Зайберт В.Ф. Ботайская культура // Маргулан оқулары. Алматы-Павлодар, 2014.
 Зия Гөк-алып. Түрікшілдіктің негіздері. Фадил Али аудармасы // Ана тілі. 22. 08. 1991.
 Исмағұлов О., Исмағұлова А. Происхождение казахского народа. Алматы, 2017. 196 с.
 Президент және халық. 2013. № 38 (420). 20 қараша.
 Смағұлов О. Қазақ халқының антропологиялық тарихы. Алматы: Алдоңғар, 2011. 300 б.
 Смағұлов О. Смағұлова А. Қазақ халқы және ата тегі (кешенді физикалық антропология анықтамаларына негізделген (ж.с. XX ғ. – ж.с.д. XX ғ. дейін). Алматы: Арна, 2020. 472 б.
 Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразакқызы А. Абылай хан. Антропологиялық зерттеу. Алматы: Атамұра, 1999. 176 бет, суреттері бар.
 Тоқтабай А. Оразак Смағұлов – қазақтың қаны // Қазақ әдебиеті. 2020. №38. 2 қазан.

References

- Berdyayev N. Nacional'nost' i chelovechestvo (Nationality and humanity) // Kazak adebieti. 11.03.2005 [In Russian].
 Dal' V. Bol'shoy illyustrirovannyj tolkovyj slovar' russkogo yazyka (Large illustrated explanatory dictionary of the Russian language). M., 2006. S. 352 [In Russian].
 Zhauynbaev S. Gornoe delo i metallurgiya bronzovogo veka Saryarka (Mining and metallurgy of the Bronze Age Saryarka). Karaganda, 2000; Zajbert V.F. Botajskaya kul'tura (Botai culture) // Margulan okulary. Almaty-Pavlodar, 2014 [In Russian].
 Ziya Gok-alyp. Turikshildikting negizderi. Fadil Ali audarmasy (Fundamentals of Pan-Turkism. translated by Fadil Ali) // Ana tili. 22.08.1991 [In Kazakh].
 Ismagulov O., Ismagulova A. Proiskhozhdenie kazahskogo naroda (The origin of the Kazakh people). Almaty, 2017. 196 s. [In Russian].
 Prezident zhane halyk (President and people). 2013. № 38(420). 20 karasha [In Kazakh].
 Smagulov O. Kazak halkynyng antropologiyalyk tarihy (Anthropological history of the Kazakh people). Almaty: Aldonggar, 2011. 300 b. [In Kazakh].
 Smagulov O. Smagulova A. Kazak halky zhane ata tegi (keshendi fizikalyq antropologiya anyktamalaryna negizdelgen (zh.s. XX c. – zh.s.d. XX c. dejin) (Kazakh people and ancestors (based on the definitions of complex physical anthropology (from the XX century BC to the XX century BC). Almaty: Arna, 2020. 472 b. [In Kazakh].
 Smagululy O., Kozhaev M., Orazakkyzy A. Abylai han. Antropologiyalyk zertteu (Abylai khan. Anthropological research). Almaty: Atamura, 1999. 176 bet, suretteri bar [In Kazakh].
 Toktabay A. Orazak Smagulov – kazaktyng kany (Orazak Smagulov – Kazakh blood) // Kazak adebieti. 2020. №38. 2 kazan [In Kazakh].

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РГАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды